Шымкент қалалық білім басқармасының **«№138жалпы орта білім беретін мектеп»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение **«Общеоброзовательная средняя школа №138»** управление образованиягорода Шымкент

160023 Шымкент қ. Асар-2 ағы үй Телефон 8(7252)27-84-10 E-mail: 138mektep@mail.ru

**БҰЙРЫҚ**
**2023 жылғы 05 қыркүйек**
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**
**№ 187**
**город Шымкент**

**Діни ағымдары жөніндегі ағарту жұмыстары**

Мектепте діни ағымдары жөніндегі ағарту жұмыстары мен жасөспірімдерді тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жылдық жоспар жасалынып БЕКІТІЛСІН

2. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып мектепте Діни ағымдар жөніндегі ағарту жұмыстарын тарих пәнінің мұғалімі Е.Алиевке ЖҮКТЕЛСІН

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.С.Ашимовқа жүктелсін.

**Мектеп директорының у.м.а [illegible] ыбеков**

Сканировано с CamScanner

...әскармасының «№138жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

учреждение «Общеоброзовательна средняя школа №138» управление оброзованиягорода Шымкент

160023 Шымкент қ. Асар-2,н/з үй Тел/факс 8(7252)27-84-10 E-mail: 138mktep@mail.ru

**БҰЙРЫҚ**
**2023 жылғы 05 қыркүйек**
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**
**№** 188
**город Шымкент**

**Діни экстремизм туралы**

Мектепте тәрбие орынбасарының діни экстремизмге қарсы күресу, алдын... жоспарына сәйкес «Құқықбұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын а... тақырыбында іс шаралар ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Құқықбұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын а... тақырыбында іс шаралар ұйымдастырылсын

2. Іс шараны ұйымдастыру тарих пәнінің мұғалімі Е.А... міндеттелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жөніндегі орынбасары С.А.Кулшықбаева мен Б.С.Ашимова жүкте...

**Мектеп директорының у.м.а** **А. Тұрлыбеков**

Сканировано с CamScanner

Бекітемін,
Мектеп директорының у.м.а:
_______ А.Тұрлыбеков

**Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған 2023-2024 оқу жылында өткізілген іс-шараларының жылдық жоспары**

**Мақсаты:**

- мектепте діни және ұлттық келісім төзімділігін қамтамасыз ету;
- интернационалдық мәдениетті тарату;
- халықтың әлеуметтік деңгейін арттыру;
- ұлтаралық қарым-қатынасты үйлестіру.

**Міндеттері:**

1. мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заңнамалық талаптарға сай нормативтік актілерді жүзеге асыру.
2. Оқушылардың, педагогтердің, мектеп қызметкерлерінің, ата-аналардың діни экстремизге қарсы теориялық білімін жетілдіру.
3. Оқушылардың діни экстремизмнен қорғану сенімділігін тәрбиелеу.
4. Оқушыларды экстремалды жағдайда әрекет етуін тәжірибелік тексеру жүргізу.

| № | Іс-шаралар | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| **1.Білім беру мекемесінің педагогикалық ұжымымен және қызметкерлерімен жүргізілетін іс-шаралар.** | | | |
| 1 | Кітапхана қорындағы рұқсат етілмейтін діни танымдық әдебиеттер тізімін анықтау | Қазан | МДТЖО, кітапханашы |
| 2 | Мектеп қызметкерлерімен діни экстремизмге қарсы нұсқаулық жүргізу. | Тамыз-қаңтар | Әкімшілік |
| 3 | Діни экстремизмге байланысты өндірістік жиында, әдістемелік бірлестіктер отырысында, жоспарлау жиындарында т.б. сұрақтарды қарастыру. | Жыл бойы | Әкімшілік |
| 4 | Діни экстремизмге қарсы әдістемелік материалдар жинау. | Жыл бойы | Әкімшілік |
| 5 | Діни экстремизмге қарсы әдістемелік нұсқаулық, жаднамалар тарату. | Жыл бойы | Әкімшілік |
| 6 | Әкімшіліктер, педагогтар діни экстремизмге қарсы нормативтік құжаттарды оқып танысуы. | Жыл бойы | Әкімшілік |
| 7 | Мектеп ғимараты мен ауласына бөгде адамдардың келуін бақылауға алу. | Жыл бойы | Әкімшілік |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Әкімшілік пен педагогтердің кезекшілігін ұйымдастыру. | Жыл бойы | Әкімшілік |
| 9 | Мектеп ғимаратына тұрақты тексеріс жүргізіп отыру. | Жыл бойы | Әкімшілік |
| 10 | Алдын алу нұсқаулық жұмыстарын үнемі жаңартып отыру. | Жыл бойы | Әкімшілік |

**2.Оқушылармен жүргізілетін іс-шаралар.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | «Діни экстремизм дегеніміз не?» Дөңгелек үстел 9 сынып | 11.09.23 | Е. Алиев |
| 12 | «Діни экстремизмнің алдын алу» Тәрбие сағаты 10 сынып | 09.10.23 | Мыңжасарова |
| 13 | «Толеранттылық нұры» сынып сағаты 11 сынып | 13.11.23 | Аубешова Г |
| 14 | «Толерантность деген не?» Ақпараттық сағат 8 сынып | 27.11.23 | Асанова Г |
| 15 | «Діни экстремизм мен терроризм әлемге төнген қауіп» тәрбие сағаты 7 сынып | 15.01.24 | Оралова Ж |
| 16 | Діни экстремизмнің алдын алу бойынша сауалнама жүргізу. 8-11 сыныптар | Тоқсан сайын | ДТЖО Педагог психолог |
| 17 | Дін және экстремизм-сурет көрмесі 5-9 сыныптар | 22.01.24 | Аға тәлімгер |
| 18 | Хиджаб,паранжа ,қысқа балақты шалбар қаю сақал қою» видео көрсету 9-11 сыныптар | 26.02.24 | Сынып жетекшілер 9-11 кл |
| 19 | «Дін және қоғам» тәрбие сағаты 8 сынып | 11.03.24 | Сынып жетекшілер |

**Ата-аналармен жұмыс**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22 | Діни экстремизмнің алдын алу бойынша ата-аналар арасында жадынамалар тарату | Жыл бойы. | ТЖДО, сынып жетекшілер. |
| 23 | Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы жадынамалар тарату. | Жыл бойы | Сынып жетекшілер. |
| 24 | Діни экстремизмнің алдын алу бойынша ата-аналар жиналысында қарастыру. | Мамыр | МДТЖО, Сынып жетекшілер. |

**Алдын алуды сыртқай қамтамасыз ететін іс –шаралар**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25 | Діни экстремизмнің алдын алу бойынша Құқық қорғау мекемелері мен Ішкі саясат Департаментінің қызметкерлерімен кездесулер | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі. |

Сканировано с CamScanner

білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
средняя школа №138» управления образования города Шымкент

160023 Шымкент қ. Асар-2 м/з үй Тел/факс 8(7252)27-84-10 E-mail: 138mektep@mail.ru

**БҰЙРЫҚ**
**2023 жылғы 5 қыркүйек**
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**
**№ 117**
**город Шымкент**

**«АНТ тобының құрамын бекіту» туралы**

Оқушылар бойында діни сауаттылықты арттыру және жасөспірімдерді кереғар ағымдар мен тыйым салынған секталардан бойын аулақ ұстауын қамтамасыз ету мақсатында**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепішілік «АНТ тобы» құрылып, құрамы бекітілсін.
2. «АНТ тобы» төмендегі құрамда құрылсын:
   1. Б.С.Ашимов – топ төрағасы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
   2. С.А.Кулшыкбаева – мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
   3. Г.Дүйсенбекова –мүшесі, жаһандық құзіреттілік пәнінің мұғалімі;
   4. А.Абдижаппаров –мүшесі, тарих пәнінің мұғалімі;
   5. Қ.Бегалиева –мүшесі, тарих пәнінің мұғалімі;
   6. М.Асанова – мүшесі, педагог-психолог;
   7. А. Жардембаева – мүшесі, хатшы.
3. «АНТ тобының» іс-шара жоспары бекітіліп, жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
4. Оқушылар арасында діни сауаттылық арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, іс-шаралар ұйымдастыру «АНТ тобы» мүшелеріне және сынып жетекшілеріне тапсырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Б.С.Ашимов пен С.А.Кулшыкбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директорының у.м.а** **А.Турлыбеков**

Сканировано с CamScanner

**Хаттама №**

**«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбындағы отырысы болып өтті**

Қатысқандар: 8-11 сынып оқушылары,сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы»
2. «Діни экстремизмнің алдын алу»

Тыңдалды:

1. Кіріспе

«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» тақырыбында алғашқы сөз кезегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды.

«Экстремизм» термині сөзбе-сөз (лат. Extremus – шеткі) шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару ретінде анықталады. Экстремизм – қоғамда әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс.

Ал «терроризм» ұғымына қатысты көптеген анықтамалар мен түсініктемелер болғандықтан, жұртшылыққа ортақ анықтама беру қиынға соғады. Алайда, оның «зорлық-зомбылық», «қорқыныш пен үрей туғызушылық» және «кінәсіз адамдарға әсер тигізу» сынды басты белгілерін айқындай кетуге болады. Бұған негіздесек, терроризм «үкімет немесе қоғамды белгілі бір саяси талаптарды қабылдауға мәжбүрлеу мақсатында жүйелі түрде жасалатын қоқан-лоққы мен зорлық-зомбылық» дегенге саяды. Терроризмге бейім адамдар мұсылман отбасыларында, яғни біздің көз алдымызда өсіп-жетілді. Біз оларды мұсылман деп санадық. Террорист болу жолында олар қандай күйді бастан кешірді? Біз бұған кінәлі емеспіз бе? Деген көптеген сұрақтар алдымызда тұрғаны анық.

2.Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша Дінтану пәні мұғалімі сөз алды.Құрметті мектебіміздің оқушылары бүгінгі таңда күрделі мәселелердің бірі теріс дін жолына түсу. Иә, жас ұрпаққа рухани тәрбие беріп, діни сауатын ашу үшін барлық жағдайды жасадық деп айта алмаймыз. Бүгінде мәселе әбден ушыққанда барып бірқатар жедел шараларға барып отырғанымыз белгілі. Алайда, кейбіреулер осының өзін көп көруде. Мектеп бағдарламаларында ислам (дін) сабағын қосуды артық көруде. Ал бірақ адамның рухани дүниесіне қажетті құндылықтардың барлығы бала бойына мектептен бастап сіңірілуі керек еді. Ол адамдардың барлығы сіз бен біздің арамызда өсіп-жетілді. Олардың барлығы – біздің балаларымыз. Қалайша олардың кейбірі осындай тәрбиемен өсті? Адам өлтіру, қырып-жою түсінігі қайдан шықты? Жалпы адамзаттық құндылықтарға қарсы шығуға не себеп болды? Өз ұлтын өзіне жау көріп, «жанды бомба» болып жарылуын қалай түсінеміз? Демек, тәрбиеде кемшілік кеткен тұстар бар.

Тәрбие жүйесінде ойланып, толғанатын, толықтыратын жайттар көп. Рухани тәрбиеге тиісінше мән берілмеген. Міне, осының салдарынан рухани тұрғыдан таза жаңа ұрпақ өсіп жетілді. Діни сауаты жоқ, рухани тәрбиеден жұрдай осындай жастарды әлдекімдер алдап-арбау арқылы сананы роботқа айналдырып, өз мақсаттары үшін қолдануда. Тіпті оларды түрлі дәрі-дәрмектер мен психотроптық заттардың көмегімен арандатып отырған болуы да ықтимал. Қазір осы туралы баспасөз беттерінде көп айтылып жатыр. Сөйтіп, арандап қалған жастарды негізгі мақсат, негізгі идея осы деп, адам өлтіруге, жалпы өлімге айдап салып отыр. Әлдекімдер осындай жастардың қолымен от көсеп, өз мақсаттарына жетуді көздеуде.

Шешім:

1. «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» , «Діни экстремизмнің алдын алу» мақсатында оқушыларды қатаң бақылауда ұстау,үнемі ата-анасымен байланыс жасау жандандырылсын.

Сканировано с CamScanner

**Хаттама №**

**«Діни экстремизмнің алдын алу» тақырыбындағы отырысы болып өтті**

Қатысқандар: 5-9 сынып оқушылары,сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары»дөңгелек үстел

Тыңдалды: Жиынды бүгінгі шараны ДТЖО ашты. Қазақстан Республикасы егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына отыз жылға толды. Осы жылдар аралығында қоғамдағы барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып еңсесін көтерді. Халықаралық деңгейде бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді. Тарихтың тереңіне кеткен рухани мұра туындылары қайта жаңғырып, өзінің лайықты мұрагерлерін тапты. Алайда, қоғамда белең алып жатқан келеңсіз мәселелер де жоқ емес. Қазақстандағы қазіргі діни ахуалдың ушығып күрделі әрі сан салалы екендігі тарихтан мәлім.
«Терроризм» ұғымына қатысты көптеген анықтамалар мен түсініктемелер болғандықтан, жұртшылыққа ортақ анықтама беру қиынға соғады. Алайда, оның «зорлық-зомбылық», «қорқыныш пен үрей туғызушылық» және «кінәсіз адамдарға кесір тигізу» сынды басты белгілерін айқындай кетуге болады. Бұған негізделсек, терроризм «үкімет немесе қоғамды белгілі бір саяси талаптарды қабылдауға мәжбүрлеу мақсатында жүйелі түрде жасалатын қорқытушылық пен зорлық-зомбылық» дегенді түсіндіріп айтты.
Кейін сөзді тарих пәнінің мұғалімі Жеңіс Амангелдіге берді. «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары» атты баяндама оқып, *«Діни экстремизм» дегеніміз - жалпы алғанда «экстремизм», «діни экстремизм» және «терроризм» ұғымдары агрессивтілікпен, жеккөрушілікпен, қатігездік пен азғындық ұғымдарын танытатын синонимдер болып табылады.*
Ендеше, дін мен діни экстремизм ұғымдарының ара-жігін ажыратып алғаннан кейін қазіргі таңда өзекті тақырыпқа айналған Ислам діні мен Ислам атын жамылған экстремистік бағыттағы ағымдар жөнінде тоқталғанымыз жөн. Ислам діні – ғылым мен білімге, толеранттылыққа шақырады.
Сөз түйіні, Ислам – терроризмге, <u>зорлық-зомбылыққа</u>, діни экстремизмге қарсы. Бүгінгі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде ислам атымен сақталған жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатады. Жаратушы сөзімен қарасақ, бір адамға қиянат жасап, құрбан ету күллі адамзатқа бағытталған амал ретінде түсіндіреді. Сондықтан Исламның қақтығыс, лаңкестік, зорлық-зомбылықты, әкімшілікті айыптағаны, керісінше қоғамдық тұрақтылық, ізгілікті, ұстамдылықты уағыздаған дін екендігінің көрініс айтылғанды.
Терроризмнің ұлты да, діні де жоқ. Сол тұрғыдан мұсылман адамның террорист болуы әсте мүмкін емес. Ислам дінінің терроризм, экстремизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды деп сөзін қорытындылады.

Шешім:
«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары» атты дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Сканировано с CamScanner